

Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті бекіту туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 9/68 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қаңтарда № 4127 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1, 2 тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Шет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Б. Төлеуқұлов

Шет аудандық мәслихатының
2016 жылғы 23 желтоқсанындағы
IX сессиясының № 9/68 шешіміне
1 қосымша

Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 03.09.2019 № 32/285 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық жинақталу нормасы, (м ³)
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,72 2,24
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,73
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,8
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,62
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер,	1 қызметкер	1,11

	кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері		
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0058
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,15
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,23
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,17
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,37
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,041
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,058
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,85
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,32
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,45
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,38
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,82
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,41
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,5
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,25
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,25
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,34
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,47
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,47
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,65
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды	1000 қатысушы	0,0037

	ұйымдар		
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,25

Шет аудандық мәслихатының
2016 жылғы 22 желтоқсанындағы
IX сессиясының № 9/68 шешіміне
2 қосымша

Шет ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

Атауы		Жинақталу нормасы м ³	1 м ³ Тариф (ҚҚС) (тенге)	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көму құны, айына (теңге)
Заңды тұлғалар (1м ³)			1277,8	
Жеке тұлғалар	Тұрмысқа жайлы тұрғын үйлер (1 тұрғынға)	1,72	1277,8	183
	Жайсыз тұрғын үйлер (1 тұрғынға)	2,24	1277,8	239

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;
м³ - текше метр.